

"Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 502 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 қазанда № 7280 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 192 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.04.2014 № 192 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Б.Б.Бисенқұлов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін;

2) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнигі Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетіне (Б.Б.Бисенқұлов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **Қ. Қасымов**
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 6 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 5 0 2 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

"Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда , көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу нөмірлік белгілерін беру" мемлекеттік қызмет РЕГЛАМЕНТІ

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу нөмірлік белгілерін беру" қызмет көрсету регламенті "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Осы регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көлік құралының иесі (иенің өкілі) - көлік құралының меншік иесі болып табылатын не болмаса белгіленген заңнамалық актілердің негізінде және шегінде көлік құралын пайдаланатын немесе иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу - заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылатын, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (бұдан әрі - МТНБ) және көлік құралдарының жол қозғалысына қатысуға рұқсат берілгенін растайтын оларға арналған құжаттарды есепке алу, беру бойынша ішкі істер органдары жол полициясының қызметі;

3) тіркеудегі өзгерістер - тиісті құқықтық негіздер бар болған жағдайда көлік құралдарының есепке алу деректері мен құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) тіркеу құжаты - көлік құралының жол қозғалысына қатысуға рұқсат берілгенін растайтын, көлік құралының ресми құжаты болып табылатын көлік құралын тіркеу туралы куәлігі (бұдан әрі - КҚТК).

3. Мемлекеттік қызметті ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөліністері (бұдан әрі - ЖП ТЕБ) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 18-бабының ;

2) "Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағы 18) тармақшасының;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1672 қаулысымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік

құралдарын қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу нөмірлік белгілерін беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартының (бұдан әрі - **С т а н д а р т**) ;

4) "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығы негізінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6103 болып тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) көрсетіледі.

6. Белгіленген үлгідегі КҚТК мен МТНБ бере отырып, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу немесе қызметтер көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет аптасына бес күн көрсетіледі (сейсенбі – жұма сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, сенбі сағат 08.00-ден 16.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.00-ден 13.00-ге дейін). Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады. ЖП ТЕБ орналасқан жері туралы ақпарат Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

8. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Үкіметтің электрондық порталында;

2) электрондық Үкіметтің порталында;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ИМ) веб-сайттарында (www.mvd.kz);

4) ИМ Жол полициясы комитетінің "Заңнама" бөлімінде (www.zholpolice.kz);

5) облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі – ИД) веб-сайттарында, Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ТЕБ үй-жайларында, стендтерде және ақпараттық тақталарда орналастырылған.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) өтініш иесі қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 6 сағаттан аспайды;

2) өтініш иесінің жүгінген күні жергілікті жерде мемлекеттік қызмет көрсетілгенге дейін кезек күтудің ең жоғарғы шекті уақыты - 30 минуттан аспайды ;

3) өтініш иесі жүгінген күні жергілікті жерде мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең жоғарғы шекті уақыты - 40 минуттан аспайды.

10. Стандарттың 16-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет ұсынудан бастап тартылады:

- 1) көлік құралы не болмаса өтініш иесі іздестіруде болған жағдайда;
- 2) өтініш иесі көлік құралын, осы Регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырмаған жағдайда;
- 3) стандарттар мен ережелерді бұза отырып, көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бастап тартылуы мүмкін.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

- 1) өтініш иесінің құжаттар пакетін қабылдау және тексеру;
- 2) арнайы есептер бойынша тексеру және көлік құралдарының агрегаттарына салыстыру жүргізу;
- 3) ААІЖ жүйесінде қажетті тіркеу деректерін жинау;
- 4) КҚТК өндірісі;
- 5) КҚТК беру;
- 6) өтініш иесінің тізілімде қол қоюы.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды бір адам, ЖП ТЕБ-тің жауапты қызметкері жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш иесі ЖП ТЕБ-ке Стандарттың 11-тармағында көзделген тізбені ұсынуы қажет.

14. Өтініш иесі жүргізуші куәлігін алу мәселесі бойынша өтініш білдірген кезде ЖП ТЕБ-тің жауапты қызметкері ұсынылған құжаттардың көрсетілген Бұйрықпен бекітілген мемлекеттік тіркеу және жеке көлік құралдарын есепке алу Ережесінің талаптарына сәйкестігін тексереді.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік баж салығы белгіленген:

1) КҚТК бергені үшін - мемлекеттік бажды төлеген күнде ең аз есептік көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) - 125 пайызды;

2) автомобильге МТНБ бергені үшін - АЕК - тен 280 пайызды;

3) мотокөлікке МТНБ, автомобильге тіркеме беру үшін - АЕК-тен 140 пайызды;

4) "Транзит" көлік құралын айдап әкету үшін нөмірлік белгі беру үшін АЕК-тен 35 пайызды құрайды.

Сонымен қатар Кодексте көлік құралдарын тіркегені үшін мемлекеттік алым көзделген, ол әрбір тіркелетін (қайта тіркелетін) көлік құралы үшін, сондай-ақ

КҚТК көшірмесін алу кезінде АЕК-тің төрттен бір бөлігін құрайды.

Мемлекеттік баж және мемлекеттік алым Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар көлемі мен төлеген күнін растайтын төлемдік құжаттар береді.

16. ЖП ТЕБ қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Осы регламенттің 16-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша ЖП ТЕБ қызметкері құжаттарды ЖП ТЕБ операторына жолдайды. ЖП ТЕБ операторы құжаттарды алғаннан кейін:

1) көлік құралының өтініш иесін (өтініш иесінің өкілін) автоматтандырылған-ақпараттық іздеу жүйесі (бұдан әрі - ААІЖ) бойынша және көлік құралын іздестіруде болуын тексереді;

2) көлік құралы өтініш иесінің (өтініш иесі өкілінің) көлік құралдарының электрондық есептерінің ААІЖ жүйесінде жұмыс істеуі үшін қажетті тіркеу деректерін жинақтауды жүзеге асырады.

Көрсетілген іс-әрекеттер нәтижелері бойынша ЖП ТЕБ операторы дайындалған КҚТК ТЕБ қызметкеріне тапсырады, ол осы регламенттің 9-тармағының 2) тармақшасында белгіленген мерзімде көлік құралының иесіне қол қойғызып, КҚТК мен МТНБ береді.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушыға осы Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғаны туралы талон беріледі.

КҚТК мен МТНБ жеке басын куәландыратын құжаттарды (сенімхат) берген соң КҚТК мен МТНБ тізіліміне қол қойғаннан кейін өтініш иесіне (өтінішінің өкілі) беріледі.

17. Осы регламенттің 1-қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсете отырып, құрылымдық-функционалдық бірлік (бұдан әрі - ҚФБ) әкімшілік іс-әрекеттердің реті және өзара іс-қимыл жасасуының мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

18. Осы регламенттің 2-қосымшасында мемлекеттік қызмет көрсету мен ҚФЕ процесінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігінің арасындағы өзара байланысты көрсететін сызба келтірілген.

"Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру" мемлекеттік қызмет регламентіне

1-қосымша

1-кесте. ҚФБ әрекетінің сипаттамасы.

--

Негізгі процестің әрекеті (жұмыстың барысы, ағымы)

1	Әрекеттің (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3
2	ҚФБ атауы	ЖПБ	ЖПБ	ЖПБ
3	Әрекеттің (процесс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамалары	өтініш иесінің құжаттар пакетін қабылдау және тексеру	ААІЖ жүйесінде қажетті тіркеу деректерін теру	КҚТК беру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Арнайы есептер бойынша тексеру және көлік құралының агрегаттарын салыстыру	КҚТК өндіру	өтініш иесінің тізілімде қол қою
5	Орындау мерзімі	45 минут	20 минут	5 минут
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	

"Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру" мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл жасасу сызбасы

